

KASE

АПТАЛЫҒЫ

06 – 10 наурыз
2023

KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- KASE шетел валюталары нарығында жаңа құралдармен сауда-саттықты [іске қосты](#).
- KASE IFC-мен бірлесіп жыл сайынғы Ring the Bell for Gender Equality сауда-саттығының ашылу салтанатын және "DigitALL: Women in FinTech" пікірталасын [өткізді](#).
- KASE ресми тізіміне "Онлайн ҚазҚаржы МҚҰ" АҚ [KZ2C00009538](#) (MFOKb9) облигациялары енгізілді.
- Айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты KASE ресми тізімінен "Онлайн ҚазҚаржы МҚҰ" АҚ [KZ2P00008790](#) (MFOKb6) облигациялары және Еуразиялық даму банкінің [KZ2D00008257](#) (EABRb26) облигациялары алынып тасталды.
- KASE-де Abbott Lab. [US0028241000](#) (ABT_KZ), Mastercard, Inc. [US57636Q1040](#) (MA_KZ), ConocoPhillips [US20825C1045](#) (COP_KZ) және Verizon Communications Inc. [US92343V1044](#) (VZ_KZ) жай акцияларымен сауда-саттық тоқтатылды.
- KASE-де QUALCOMM Inc. [US7475251036](#) (QCOM_KZ) жай акцияларымен сауда-саттық қайта басталды.
- "Halyk Global Markets" АҚ "Қазақстандық тұрғын үй компаниясы" АҚ KZ2C00003333 (KZIKb27) және KZ2C00006393 (KZIKb30) облигациялары бойынша KASE маркет-мейкер мәртебесінен [бас тартты](#).
- "Halyk Finance" АҚ "Қазақстандық тұрғын үй компаниясы" АҚ KZ2C00003333 (KZIKb27) және KZ2C00006393 (KZIKb30) облигациялары бойынша KASE маркет-мейкер мәртебесі [берілді](#).
- "Онлайн ҚазҚаржы МҚҰ" АҚ [KZ2C00009421](#) (MFOKb8) облигациялары "таза" бағамен сауда-саттық тәртіптемесіне ауыстырылды.

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- Қазақстан Қаржы министрлігі KASE-де 31,6 млн MEUKAM-144 тоғызыншы шығарылымын ([KZKD00001178](#), MUM144_0009) және 460,0 млн MEKKAM-12 154-ші шығарылымын ([KZK100000290](#), MKM012_0154) орналастырды.
- Азия Даму Банкі XS2590132242 (ASDBe14) халықаралық облигацияларын жазылым арқылы өтеуге кірістілігі жылдық 15,88 % орналастыра отырып, KASE-де 18,0 млрд теңге [тартты](#).
- "Қазақстандық тұрақтылық қоры" АҚ KASE-де KZ2C00008944 (KFUSb48) облигацияларын өтеуге орташа сараланған кірістілігі жылдық 18,60 %-бен орналастыра отырып, 3,1 млрд теңге [тартты](#).
- АНОНС: 29 наурызда NOSTRUM OIL&GAS PLC Талдаушы және Инвестор күнін [өткізеді](#).
- S&P Global Ratings Қазақстан Республикасының рейтингтерін "BBB-/A-3" деңгейінде [расталды](#), болжам "Тұрақты".
- Freedom Holding Corp. S&P Global Ratings агенттігі еншілес компаниялардың рейтингтерін көтеруі туралы [хабарлады](#), болжам "Тұрақты".
- "Фридом Финанс" АҚ S&P Global Ratings агенттігі компания рейтингтерін көтергені туралы [хабарлады](#), болжам "Тұрақты".
- "ForteBank" АҚ S&P Global Ratings агенттігінің банк рейтингтерін растағаны туралы [хабарлады](#), болжам "Тұрақты".
- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ S&P Global Ratings агенттігі банк рейтингтерін растағаны туралы [хабарлады](#), болжам "Тұрақты".
- "ҚазТрансОйл" АҚ 2022 жылдың қаржылық нәтижелері туралы [хабарлайды](#).
- "ҚазТрансОйл" АҚ "Астрахань-Маңғышлақ" магистральдық су құбырын жаңғырту шеңберінде құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы [хабарлайды](#).



10.03.2023

KASE Индексі	3 298,53	Трендтер (%)	
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Бағасы	Δ 7к	Δ 1а
Meta Platforms, Inc.	182,05	4,9	- 2,9
Advanced Micro Devices, Inc.	83,61	4,3	- 0,8
АО "Мангистаумұнайгаз"	6 333,00	3,6	0,6
Apple Inc.	151,11	3,3	- 0,1
АО "Кселл"	1 820,00	1,8	1,7
NVIDIA Corp.	234,13	1,6	9,7
Microsoft Corporation	252,79	1,6	- 2,2
АО "Банк ЦентрКредит"	640,09	1,6	1,2
АО "Банк ЦентрКредит"	461,77	1,5	4,3
АО Kaspi.kz	34 230,00	0,5	1,0
АО "Казактелеком"	29 202,98	0,2	0,0
АО "KEGOC"	1 617,00	- 0,1	- 0,4
АО "Народный банк Казахстана"	125,21	- 0,2	- 2,2
Intel Corporation	26,62	- 0,5	- 8,2
Yandex N.V.	5 643,07	- 1,0	- 46,3
АО "БАСТ"	9 000,00	- 1,1	- 10,0
Freedom Holding Corp.	68,81	- 1,7	6,8
АО "ForteBank"	4,03	- 1,7	- 6,3
АО "НК "КазМунайГаз"	9 389,85	- 1,8	- 0,5
АО "НАК "Казатомпром"	13 180,00	- 2,7	- 7,2
АО "КазТрансОйл"	690,01	- 3,1	- 4,4
АО "KM GOLD"	145,00	- 7,6	- 14,1
Tesla, Inc.	184,96	- 9,8	- 8,8

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

KASE Индексінің акциялары



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



3 наурызда S&P Global Ratings Қазақстан Республикасының рейтингін "BBB-" деңгейінде растады, бұл ретте рейтинг бойынша болжамды "негативтіден" "тұрақтыға" өзгертті. Бұл Қазақстанның инвестициялық тартымдылығына оң әсер етеді. Тұрақты болжам агенттіктің елдің мемлекеттік және сыртқы баланстары күшті болады деген пікірін көрсетеді. S&P алдағы үш жыл ішінде Қазақстанның ЖІӨ-нің 4 % деңгейінде жыл сайынғы өсімін күтуде. Қазақстанның егеменді рейтингі болжамының жақсаруынан кейін S&P Global Ratings Қазақстанның Даму Банкі мен ForteBank рейтингтері бойынша болжамды "негативтен" "тұрақтыға" қайта қарады. Қазақстанның Даму банкінің рейтингі "BBB-" деңгейінде, ForteBank рейтингі "BB-" деңгейінде расталды. Сонымен қатар, S&P "Банк Фридом Финанс Қазақстан", "Фридом Финанс", Freedom Finance Global PLC және Freedom Finance Europe Ltd рейтингтерін "B-" тұрақты болжаммен "B" деңгейіне дейін көтерді.

Ақпан айының қорытындысы бойынша акциялар нарығын капиталдандыру қаңтарға қатысты 0,8%-ға өсіп, 21,9 трлн теңгені немесе 48,7 млрд долларды құрады. Өсімнің негізгі үлесі олардың акцияларының бағасын ұлғайту есебінен Kaspi.kz, ҚазМұнайГаз және Халық банкі капиталдандыруға тиесілі болды.

Өткен аптада KASE Индексінің мәні 3 300 тармақ деңгейінен 0,3 %-ға төмендеді. Жасыл аймақта қаржы секторының жай акцияларының бағалары жабылды: ЦентрКредит Банкі 1,6 %-ға қымбаттады, Kaspi.kz 0,5 %-ға өсті. Сондай-ақ, өсімді Кселлдің және Қазақтелекомның жай акциялары, тиісінше 1,8 %-ға және 0,2 %-ға, көрсетті.

ҚазМұнайГаз ұлттық компаниясының баға белгілеулері бір апта ішінде 1,8 %-ға төмендеді. Осыған қарамастан, 2022 жылдың соңында өткізілген компанияның IPO-сынан бастап ҚазМұнайГаз акцияларының бағасы 12 %-ға өсті.

ҚазТрансОйл өткен жылғы қаржылық нәтижелер туралы хабарлады: компанияның шоғырландырылған кірісі 255,6 млрд теңгені құрады, бұл 2021 жылдың ұқсас көрсеткішінен 7,3 %-ға жоғары, 2022 жылдың қорытындысы бойынша шоғырландырылған таза пайда 19,8 млрд теңгені құрады, бұл 2021 жылдың нәтижесінен 60,9 %-ға аз. Өткен аптада "ҚазТрансОйл" акцияларының бағасы 3,1 %-ға төмендеді.

Өткен аптада борыштық капитал нарығында Азия Даму Банкі KASE-де жазылым жүргізу арқылы өтеуге кірістілігі жылдық 15,88 %-бен екі жылдық халықаралық облигацияларды орналастыра отырып, 18 млрд теңге тартты.

Қазақстандық тұрақтылық қоры өтеуге кірістілігі жылдық 18,6 %-бен және айналыс мерзімі 7 жыл болатын 3,1 млрд теңге сомасына облигациялардың бір шығарылымын орналастырды.

Наурыз айының басынан бастап өз облигациялары бойынша купондық сыйақыны Қазақстандық орнықтылық қоры, "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы, Еуразиялық банк, Home Credit Bank және басқа эмитенттер төледі.

13 наурызда Еуразиялық Даму Банкі облигацияларының сегіз шығарылымы KASE ресми тізімінің "халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары" секторына енгізілді. Әр шығарылымның айналыс мерзімі бір айды құрайды.

Бұдан басқа, АҚШ Қаржы министрлігінің Халықаралық облигацияларының үш шығарылымы KASE ресми тізімінің "мемлекеттік бағалы қағаздар" секторына енгізілген.

Өткен аптада МБҚ нарығында Қазақстан Қаржы министрлігі KASE-де айналыс мерзімі 1 жыл және 12 жыл, өтеуге кірістілігі жылдық 15,55 % және 13 % болатын, жалпы сомасы 69,2 млрд теңгеге қазынашылық міндеттемелердің екі шығарылымын орналастырды.


Халықаралық оқиғалар. 7 және 8 наурызда ФРЖ басшысы Джером Пауэлл АҚШ Сенатында сөйлеген сөзінде қажет болған жағдайда базалық мөлшерлеменің өсу қарқынын жеделдетуге дайын екенін мәлімдеді. Сондай-ақ, Пауэлл АҚШ экономикасы туралы күшті деректерге байланысты биылғы жылы негізгі мөлшерлеменің максималды мәні болжамнан асып түсуі мүмкін деп болжады. Нәтижесінде, жаһандық инвесторлар ФРЖ ставкасының одан әрі траекториясы бойынша өз үміттерін түзетеді, бұл теріс тауекел-сентиментіне және АҚШ-тың жетекші индекстерінің төмендеуіне әкелді. Американдық банктердің инвесторларының Silicon Valley Bank-те анықталған мәселелерге байланысты сатылымы нарықтарға жергілікті негативті қосты, оның бизнесі негізінен Силикон алқабының жобаларымен байланысты.

Келесі аптада ФРЖ отырысына нарық қатысушыларының ерекше назары аударылады. Реттеушінің шешіміне, ФРЖ мүшелерінің түсініктемелерімен қатар, қаржы нарықтарындағы одан әрі жағдай байланысты болады. Егер экономикалық деректер американдық экономиканың тұрақтылығын одан әрі дәлелдейтін болса, ФРЖ пайыздық мөлшерлеме бойынша өз болжамдарын қайта қарауы мүмкін, бұл инвесторларды ставкалардың өсу циклін аяқтауға қатысты күтулерді қайта қарауға итермелейді.




Ақша нарығында TONIA бір күндік репосын тарту мөлшерлемесі ақпан айының соңында өскеннен кейін түзетіліп, бір апта ішінде жылдық 17,6-дан 15,88 %-ға дейін төмендеді. Бір күндік валюталық своп операцияларының АҚШ долларындағы кірістілігі жылдық 16,25 %-дан 15,9 %-ға дейін төмендеді.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері



Тәуекелсіз қысққ кірістілігі





Сауда-саттық қорытындысы бойынша, 10 наурызда теңгенің нарықтық бағамы бір аптада 3,5%-ға (431,08 теңгеден) әлсіреп, 1 АҚШ доллары 445,98 теңге деңгейінде қалыптасты.


2023 жылғы 3-10 наурыз аралығында сыртқы валюта нарығында бірқатар маңызды оқиға болды. Ақпанда экономикадағы жұмыс орындарының саны 311 мыңға ұлғайып, жұмыссыздық 3,6%-ға өсті. Сағаттық еңбекақы төлеудің өсу қарқыны 0,2% болды. Бұл – бір жылдағы ең төменгі көрсеткіш. АҚШ-та пайыздық мөлшерлемелерді көтерудің жағымсыз салдарына байланысты қаржы компанияларына тиесілі акциялардың құлдырау шағында тәуекел активтері теріс динамиканы көрсетіп отыр. Бұл факторлар көбінесе дамушы нарықтардағы валюталардың теріс динамикасына алып келді.

Дамушы елдерде АҚШ долларына қатысты валюталар бағамының динамикасы төмендегідей қалыптасты:

- үнді рупиясы импорттаушылардың шетел валютасына сұранысы аясында 0,1% -ға (81,97-ден 82,05-ке дейін) әлсіреді;
- Бразилия реалы экономикалық бәсеңділіктің бәсеңдеу тәуекелдеріне байланысты базалық мөлшерлеменің жедел төмендеуін күтудің артуы аясында 0,2% -ға (5,2-ден 5,21-ге дейін) әлсіреді;
- Ресей рублі инвесторлардың тәуекелге қызығушылығының жаһандық төмендеуі аясында 0,6% -ға (75,63-тен 76,1-ге дейін) әлсіреді;
- Түрік лирасы 2023 жылғы мамырда өтетін сайлауда оппозициялық блоктың Президенттікке өз кандидатын жариялауы аясында 0,9% -ға (18,8-ден 18,97-ге дейін) әлсіреді;
- Индонезия рупиясы АҚШ-тағы ең ірі банктердің бірі өзінің банкроттығы жөнінде қауіптенуі аясында 0,9% -ға (15 311-ден 15 450-ге дейін) әлсіреді. Орталық банк шетел валютасының барабар ұсынысын қамтамасыз ету үшін спот пен форвард нарығында валюталық интервенциялар жүргізді;
- Оңтүстік Африка ранды инвесторлардың тәуекел-сентиментінің жаһандық төмендеуі және S&P агенттігінің OAP тәуелсіз рейтингі бойынша болжамын «оң» болжамнан «тұрақты» болжамға дейін төмендетуі аясында 1% -ға (18,14-тен 18,32-ге дейін) әлсіреді;
- Мексика песосы инфляцияның бәсеңдегені туралы деректердің (ақпанда 7,91%-дан 7,62%-ға дейін) шығуы аясында 3% -ға (17,96-дан 18,5-ке дейін) әлсіреді, бұл АҚШ ФРЖ-ның одан әрі қатаңдату тәуекелдері аясында Мексика мен АҚШ мөлшерлемелері дифференциалының тартымдылығы бойынша күтуді төмендетеді.

Шетел валюталарының бағамы динамикасы


Δ %, база (01.01.23)



	Бағасы	Δ 7к, %	Δ 30к, %	Δ 2023, %
— GBPKZT	534,46	3,45	-4,56	-5,93
— USDKZT	445,98	3,46	-3,47	-4,65
— EURKZT	471,85	3,18	-4,87	-5,53
— CNYKZT	64,09	2,63	-5,87	-5,02
— RUBKZT	5,87	2,62	-9,77	-9,49

Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс 7к
		7к	1а	1ж	
S&P 500	3 861,59	-4,5	-6,2	-9,3	-3,8
Dow Jones	31 909,64	-4,4	-6,0	-3,8	-3,7
PTC	942,75	-0,3	-4,0	0,6	-1,0
ММББ	2 285,53	0,0	0,0	0,0	-1,0
Hang Seng	19 319,92	-6,1	-9,2	-7,5	-6,2
SS CSI 300	3 967,14	-4,0	-2,7	-7,6	-4,0
Euro Stoxx 50	4 229,53	-1,5	0,5	15,8	-1,9
FTSEuroFirst	4 813,50	-2,2	-0,7	11,5	-1,9
FTSE 100	7 748,35	-2,5	-1,7	9,1	-2,7
KASE	3 298,53	-0,3	-1,6	-2,8	

Шикізат нарығы

10.03.2023

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	82,78	-3,6	-2,7	-24,3
Мұнай (WTI)	76,68	-3,8	-2,3	-27,7
Табиғи газ	2,43	-19,2	1,4	-47,5
Мыс	404,55	-0,8	0,2	-12,9
Темір	958,00	0,4	8,2	16,5
Алтын	1 868,26	0,6	-0,4	-6,4
Күміс	20,38	-3,4	-9,1	-22,2
Астық	666,75	-4,2	-12,8	-37,9

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

Валюта Болжам Алдыңғы

13.03	ФРЖ жоспардан тыс отырысы	USD		
14.03	Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (ақпан)	USD	6,0%	6,4%
15.03	Өнеркәсіптік өндіріс көлемі (ж/ж) (ақпан)	CNY	2,6%	1,3%
15.03	Базалық бөлшек сатылым индексі (а/а) (ақпан)	USD	-0,1%	2,3%
16.03	Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім (наурыз)	EUR	3,5%	3,0%
17.03	Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (ақпан)	EUR	8,5%	8,5%
17.03	Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім (наурыз)	RUB	7,5%	7,5%

Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

Мәні Күні Алдыңғы ай

Жылдық инфляция	21,3%	01.03.23	20,7%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	34,6	01.03.23	36,7
Ақша базасы, млрд KZT	11 135,1	01.03.23	11 707,1
Ақша масса, млрд KZT	33 834,4	01.02.23	34 295,9

Қазақстанның несие рейтингі

Рейтинг Күні Алдыңғы

S&P Global

BBB-/A-3 әлсіз 03.03.23 BBB-/A-3 негативті

Moody's

Ваа2/әлсіз 11.08.21 Ваа3/позитивті

FitchRatings

BBB/әлсіз 02.12.22 BBB/әлсіз



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: +7 (727) 237 53 00




Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына көпілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.

KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламан жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.